

**Батыс Қазақстан облысы Сырым ауданы Талдыбұлақ ауылдық округінің
Талдыбұлақ ауылында шектеу іс-шараларын белгілеу туралы**

Күші жойған

Батыс Қазақстан облысы Сырым ауданы Талдыбұлақ ауылдық округі әкімінің 2022 жылғы 11 ақпандағы № 3 шешімі. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2022 жылғы 18 ақпанда № 26840 болып тіркелді. Күші жойылды - Батыс Қазақстан облысы Сырым ауданы Талдыбұлақ ауылдық округі әкімінің 2022 жылғы 30 наурыздағы № 4 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Батыс Қазақстан облысы Сырым ауданы Талдыбұлақ ауылдық округі әкімінің 30.03.2022 № 4 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).

Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 35-бабы 2-тармағына, Қазақстан Республикасының "Ветеринария туралы" Заңының 10-1-бабы 7) тармақшасына сәйкес және Сырым ауданының бас мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспекторының міндетін атқарушының 2022 жылғы 6 қаңтардағы № 16-41/6 ұсынысы негізінде, **ШЕШТІМ:**

1. Сырым ауданы Талдыбұлақ ауылдық округі Талдыбұлақ ауылының аумағында ірі қара малдың жұқпалы ринотрахеит ауруының анықталуына байланысты шектеу іс-шаралары белгіленсін.

2. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

3. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Талдыбұлақ ауылдық округінің әкімі

Д. Танзенов